

"Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2026 жылғы 24 шілдедегі № 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 27 шілдеде № 39406 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9930 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларында:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық және өңірлік күнтізбесі негізінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбесін жасайды.

Дене шынықтыру-спорт ұйымдарының спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбесі негізінде олар осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес ағымдағы жылға арналған спорттық іс-шаралардың қаржылық күнтізбесін әзірлейді.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне орындалуы туралы ақпараттық ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 24 шілдедегі
№ 139 бұйрыққа
қосымша
Спорттық іс-шараларды өткізу
қағидаларына қосымша
Нысан

жылға арналған Спорттық іс-шаралардың қаржылық күнтізбесі

№	Спорттық іс-шаралардың атауы	Өткізу мерзімдері	Өткізу орны	Қаржыландыру көзі	Күндер саны	Спортшылардың саны	Жаттықтырушылар және басқа қатысушылардың саны	Ел ішіндегі іссапарлар шығыстары		
								Тұру шығыстары		Спортшылардың тамақтану шығыстары
								1 адамға шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге	1 тәулікке шаққандағы сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Ел ішіндегі іссапарлар шығыстары						Ел ішіндегі барлық шығыстар, теңге			Елден тыс іссапарлар шығыстары	
Спортшылардың тамақтану шығыстары	Тәуліктік		Жол жүру бойынша шығыстар		Басқа шығыстар*		Тұру шығыстары		Спортшылардың тамақтану шығыстары	
Сома, теңге	1 тәулікке шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге	Екі бағытта	Сома, теңге	Сома, теңге		1 адамға шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге	1 тәулікке шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы

Елден тыс іссапарлар шығыстары						Елден тыс барлық	Барлығы , теңге
Тәуліктік			Визаны рәсімдеу және				

		Сақтандыру шығыстары		Жол жүру бойынша шығыстар		визалық қолдау	Багажды тасымалдау	Басқа шығыстар*	шығыстар, теңге	
1 тәулікке шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге	Күніне 1 адамға шаққандағы сома, теңге	Сома, теңге	Екі бағытта	Сома, теңге	Сома, теңге	Сома, теңге	Сома, теңге		
23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33

Ескертпе:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ